

**"Қазақстан Республикасы мен Үндістан Республикасы арасындағы Азаматтық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шартты ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 тамыздағы № 984 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасы мен Үндістан Республикасы арасындағы Азаматтық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Премьер-Министрі*

Жоба

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*К. Мәсімов*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ**

**Қазақстан Республикасы мен Үндістан Республикасы арасындағы Азаматтық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шартты ратификациялау туралы**

2011 жылғы 16 сәуірде Астанада жасалған Қазақстан Республикасы мен Үндістан Республикасы арасындағы Азаматтық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шарт ратификациялансын.

*Президенті*

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

**Қазақстан Республикасы мен Үндістан Республикасы арасындағы Азаматтық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шарт**

Бұдан әрі «Уағдаласушы Тараптар» деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Үндістан Республикасы, екі мемлекет арасындағы достық пен сот және құқық салаларындағы жемісті ынтымақтастық байланыстарын нығайтуға ниет білдіре отырып,

осы Шарт шеңберінде азаматтық істер бойынша құқықтық көмек көрсетуді оңайлату қажеттігін тани отырып, төмендегілер туралы уағдаласты:

## **1-бап**

### **Жалпы ережелер**

1. Осы Шартты іске асыру шеңберінде және өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес Уағдаласушы Тараптар бір-біріне азаматтық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсетеді.

2. Осы Шартқа сәйкес құқықтық көмек:

- 1) соттың шақыру қағаздарын және басқа да сот материалдарын тапсыруды;
- 2) сұрау салу немесе тапсырмалар арқылы дәлелдемелерді талап етуді;
- 3) сот және төрелік шешімдерді тану мен орындауды қамтиды.

3. Осы Шарттың ережелері Уағдаласушы Тараптардың мемлекеттері қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын олардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

4. Осы Шарт ол күшіне енгеннен кейін туындаған азаматтық істерге қатысты өзара құқықтық көмек көрсету туралы барлық сұрау салуларға қолданылады.

## **2-бап**

### **Орталық органдар және құжаттардың түпнұсқалығын белгілеу**

1. Құқықтық көмек көрсету туралы сұрау салулар уағдаласушы Тараптардың орталық органдары арқылы жүзеге асырылады.

2. Орталық органдарға: Қазақстан Республикасы тарапынан - Әділет министрлігі, Үндістан Республикасы тарапынан - Құқық және әділет министрлігі жатады. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы орталық органды ауыстыру құқығын өзінде қалдырады, ол туралы екінші Уағдаласушы Тарапты дипломатиялық арналар арқылы дереу хабардар етеді.

3. Егер осы Шартта өзгеше көзделмесе, құқықтық көмек көрсетуге байланысты ресми қол қойылған және соттың немесе басқа құзыретті органның мөрімен бекітілген барлық құжаттарды сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың орталық органы куәландырады.

4. Барлық сұрау салулар мен ілеспе құжаттар екі данада беріледі және сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың мемлекеттік тіліне немесе ағылшын тіліне аудармамен сүйемелденуге тиіс.

### **3-бап**

#### **Соттың шақыру қағаздарын және басқа да құжаттарды тапсыру**

1. Соттың шақыру қағаздары және істің басқа да материалдары:

1) Үндістан Республикасы жағдайында заңды құзырына тиісті тұлғалар қатысатын істі қарау жататын соттар арқылы;

2) Қазақстан Республикасы жағдайында заңды құзырына тиісті тұлғалар қатысатын істі қарау жататын соттар немесе басқа да уәкілетті органдар арқылы беріледі.

2. Соттың шақыру қағаздарын және басқа да сот құжаттарын тапсыру сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес не егер бұл әдіс сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың ұлттық заңнамасына қайшы келмесе, сұрау салушы Уағдаласушы Тарап айқындаған арнайы әдіспен жүзеге асырылады.

3. Осы Шарт шеңберінде жіберілетін бір Уағдаласушы Тарап аумағында ресми деп қаралатын соттың шақыру қағаздары мен басқа да сот құжаттары басқа Уағдаласушы Тараптың аумағында ресми құжаттардың дәлелді күшіне ие болады.

4. Осы баптың 1-тармағының ережелері Уағдаласушы Тараптардың қандай да бір күш қолдану әдістерін қолданбай, өздерінің дипломатиялық өкілдіктері немесе консулдық мекемелері арқылы екінші Уағдаласушы Тараптың аумағындағы өзінің азаматтарына соттың шақыру қағаздары мен басқа сот құжаттарын тапсыруды жүзеге асыру құқығын бұзбайды. Мұндай жағдайларда тапсыру болу мемлекетінің тарапынан жауапкершілікке әкеп соқпайды.

5. Осы баптың 2-тармағының қолданыс аясына түсетін соттың шақыру қағаздары мен басқа сот құжаттары пошта арналары арқылы жіберілуі немесе оларды өз еркімен қабылдайтын адресатқа жеткізілуі мүмкін.

6. Аумағында тапсыру жүзеге асырылуға тиіс Уағдаласушы Тараптың азаматы болып табылатын адресатқа қатысты кез келген талап осы Уағдаласушы Тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес айқындалады.

### **4-бап**

#### **Сот құжаттарын тапсыру туралы сұрау салудың мазмұны**

Соттың шақыру қағазын және басқа да сот құжаттарын тапсыру туралы осы сұрау салуға қатысы бар тұлғалардың аты мен тегі, олардың азаматтығы, сұрау салуда айналысатын кәсібі және тұрғылықты жері немесе келген жері туралы мәліметтер мен осы тұлғаға тапсырылуға тиіс құжаттар тізімі қамтылуға тиіс. Егер құжаттарды тапсырудың өзге тәсілі көзделсе, онда сұрау салудың мазмұнында бұл да көрсетілуге тиіс.

## **5-бап**

### **Сот құжаттарын тапсыру туралы сұрау салуды орындау**

1. Егер сұрау салынатын Уағдаласушы Тарап құқықтық көмек көрсету өзінің егемендігіне, қауіпсіздігіне немесе қоғамдық тәртібіне залал келтіреді деп есептемесе ғана осы Шартта көзделген сотқа шақыру қағазын және басқа да сот құжаттарын тапсыру туралы сұраудан бас тартылмауға тиіс.

2. Сұрау салуда істің мәні бойынша жеткілікті заңдық негіздемелер қамтылмаған деген негізде соттың шақыру қағазын тапсырудан бас тартылуы мүмкін.

3. Егер соттың шақыру қағазын тапсыруды орындау мүмкін болмаса, сұрау салынатын Уағдаласушы Тарап осы сұрау салушы Уағдаласушы Тарапқа себептері туралы дереу хабарлайды.

## **6-бап**

### **Сот құжаттарын тапсыру**

1. Сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың уәкілетті органы құжаттар мен соттың шақыру қағаздарын тапсыруды өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес жүзеге асырады. Құжаттарды тапсырғаны үшін төлемді немесе шығыстарды ұстап қалуға болмайды.

2. Егер бұл сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың ұлттық заңнамасына қайшы келмесе, тапсыру сұрау салушы Уағдаласушы Тарап көрсеткен тәсілмен сот құжаттарын тапсыруды арнайы тәсіліне байланысты шығыстарды кейіннен төлеу нысанасы көрсетіле отырып, жүзеге асырылуы мүмкін.

## **7-бап**

### **Құжаттар мен соттың шақыру қағаздарын тапсыруды растау**

1. Сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың құзыретті органдарының өкілеттігі алушыға сот құжаттарын тапсырумен шектеледі.

2. Тапсыру сот құжатының немесе шақыру қағазының көшірмелеріне алушының қол қоюымен немесе құзыретті орган берген анықтамамен расталады, онда алушының аты, тапсыру күні және тәсілі көрсетіледі және тапсыруды жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда, тиісті себептері көрсетіледі.

3. Сот құжатының немесе алушы қол қойған құжаттың көшірмесі немесе құжаттардың алынғанын растайтын анықтама орталық орган арқылы сұрау салушы құзыретті органға жіберіледі.

4. Жеткізілмеген жағдайда, сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың орталық органы жеткізілмеу себептерін жазбаша баяндап, сот құжаттарының түпнұсқаларын және құжаттарды сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың орталық органына дереу қайтаруға тиіс.

## 8-бап

### Дәлелдемелерді талап ету

1. Бір Уағдаласушы Тараптың сот органдары немесе басқа уәкілетті органдары өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес екінші Уағдаласушы Тараптың құзыретті сот органдарына немесе басқа уәкілетті органдарына жазбаша сұрау салу арқылы азаматтық істер бойынша дәлелдемелерді талап ете алады.

2. Осы Шарттың мақсаттары үшін дәлелдемелерді талап ету:

1) сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес тараптардың өтініштерін және куәгерлік айғақтарын талап етуді;

2) сұрау салынатын және осы баптың 1) тармақшасына сәйкес айғақ алынған тұлға ұсынған құжаттарды, жазбаларды, материалдық дәлелдемелерді ұсынуды, айқындауды немесе тексеруді қамтиды.

3. Жазбаша сұрау салуда:

1) дәлелдемелерді сұрау салынған сот органы немесе басқа уәкілетті орган;

2) дәлелдемелер сұратылған істің сипаты және осы мәселе бойынша барлық қажетті ақпарат;

3) іс тараптарының аты-жөні мен мекенжайы;

4) сұратылатын дәлелдемелер;

5) жауап алынатын тұлғалардың аты-жөні және мекенжайы көрсетіледі.

4. Қажет болған жағдайда жазбаша сұрау салу даудың нысанасы бойынша куәгерлерге немесе басқа да мүдделі тұлғаларға қойылуға тиіс сұрақтар тізбесімен не тиісті тұлғалардан жауап алынатын дау нысанасының сипатымен, сондай-ақ дәлелдемелерді немесе өтінішті алу үшін қажетті құжаттармен сүйемелденуге тиіс.

## 9-бап

### Дәлелдемелерді талап ету жөніндегі сұрау салуды орындау

1. Сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың құзыреті органдары сұрау салуды өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес орындайды және тиісті мәжбүрлеу әдістерін қоса алғанда, дәлелдемелерді талап етеді, өздерінің ұлттық заңнамасында рұқсат етілетін әдістер мен рәсімдерді қолданады.

2. Сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың ұлттық заңнамасына қайшы келмесе, ол сұрау салуында көрсетілген арнайы тәртіпті немесе рәсімді ұстанады.

3. Сұрау мүмкіндігінше қысқа мерзімде орындалады.

4. Сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың қалауымен оған іс бойынша тараптар немесе егер бар болса, олардың өкілдері оған қатысуы үшін сот талқылауы өтетін уақыт пен орны туралы хабарланады. Ақпарат сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың сұрау салуымен бірге тікелей тараптарға немесе олардың өкілдеріне жіберіледі.

5. Егер сұрау орындалса, оның орындалғанын растайтын қажетті құжаттар сұрау салушы Уағдаласушы Тарапқа жіберіледі.

6. Егер сұрау салу толық орындалмаса немесе ішінара орындалған жағдайда, сұрау салушы Уағдаласушы Тарапқа орындалмау себептері көрсетіле отырып, бұл туралы хабарланады.

## **10-бап**

### **Сұрау салуды орындаудан бас тарту**

1 . М ы н а д а й :

1) егер сұрау салуды орындау сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың соттарының немесе басқа құзыретті органдарының құзыретіне жатпаған;

2) егер сұрау салынатын Уағдаласушы Тарап сұрау салуды орындау мемлекеттің егемендігі мен қауіпсіздігін бұзады деп есептеген жағдайларда, сұрау салуды орындаудан бас тартылуы мүмкін.

2. Сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес оның сот талқылауының нысанасы бойынша ерекше заңдық құзыры бар немесе оны жүргізуге құқығы жоқ деген негізде ғана сұрау салуды орындаудан бас тартуға болмайды.

## **11-бап**

### **Сұрау салуларды орындау кезіндегі шығыстарды өтеу**

Сұрау салуды орындау және сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың дәлелдемелерді талап етуі сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың шығыстарды төлеуіне әкеп соқпайды.

Алайда, сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың:

1) куәгерлерге, сарапшыларға немесе аудармашыларға төленген шығыстарға, шығындарға ;

2) сұрау салуды орындау кезінде арнайы әдісті қолдану нәтижесінде шеккен шығыстарға, шығындарға байланысты өтемақы талап етуге құқығы бар.

## **12-бап**

### **Дипломатиялық өкілдің немесе консулдық қызметшінің дәлелдемелерді талап етуі**

Уағдаласушы Тараптардың кез келгенінің дипломатиялық агенті немесе консулдық қызметшісі екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында өзі өкілі болып табылатын Уағдаласушы Тараптың азаматтарына қатысты мәжбүрлеу сипатындағы шараларды қолданбай, өзі өкілі болып табылатын Уағдаласушы Тараптың соттарында басталған сот талқылауына көмекке дәлелдемелер талап ете алады.

## **13-бап**

### **Басқа тұлғалардың дәлелдемелерді талап етуі**

Сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың соттары тиісті түрде тағайындаған тұлға екінші Уағдаласушы Тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес оның аумағында мәжбүрлеусіз дәлелдемелер талап ете алады.

## **14-бап**

### **Сот шешімін мойындау және орындау**

1. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес азаматтық істер бойынша екінші Уағдаласушы Тараптың соттары шығарған шешімдерді мойындайды және/немесе орындайды.

2. Осы Шартта пайдаланылатын «сот шешімі» термині Уағдаласушы Тараптардың құзыретті соттары сот ісін жүргізу бойынша қабылдайтын кез келген шешімді білдіреді.

3. Осы Шарт уақытша немесе қосымша шараларға немесе банкроттық жағдайында кредиторлардың талаптарына, сондай-ақ салық, айыппұлдар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер жинауға байланысты істер бойынша шығарылған сот шешімдеріне қолданылмайды.

## **15-бап**

### **Тұлғаның өкілеттіктері мен мәртебесі**

Тұлғаның өкілеттіктері немесе мәртебесі мәселесіне қатысты талқылаулар бойынша талап қою берілген сәтте осы тұлға азаматы болып табылатын Уағдаласушы Тараптың соты қарауға өкілетті болуға тиіс.

## **16-бап**

### **Меншік құқықтарын айқындау**

Жылжымайтын мүлікке меншік құқығын осы мүлік орналасқан жердегі Уағдаласушы Тараптың соттары айқындайды.

## **17-бап**

### **Соттардың заңдық құзыры**

Тұлғаның өкілеттіктері мен мәртебесіне немесе жылжымайтын мүлікке қатысты істерді қоспағанда, сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың соттары заңдық құзырын м ы н а д а й :

1) егер талап қою берілген сәтте жауапкердің тұрғылықты жері болған немесе оның аумағында жүрген;

2) егер талап қою берілген сәтте оның аумағында жауапкердің заңды тұлғасы (кәсіпорны/мекемесі) немесе оның филиалы болған және талап қою оның аумағындағы осындай заңды тұлғаның (кәсіпорынның/мекеменің) немесе оның филиалының қызметіне байланысты болған;

3) егер талапкер мен жауапкер арасындағы тікелей немесе жанама келісім бойынша сот ісін жүргізу қозғалған шарттық міндеттемелер оның аумағында орындалған немесе орындалуға тиіс болған;

4) егер оның аумағында шартқа жатпайтын жауапкершілікке әкеп соққан әрекет жүзеге асырылған;

5) егер жауапкер оның соттарының заңдық құзырын нақты немесе жанама мойындаған және бұл оның ұлттық заңнамасына қайшы келмеген;

6) егер оның соттары осы Шарттың ережелеріне орай негізгі дауды тыңдауға уәкілетті болған, қосымша шаралар қабылдаған жағдайларда жүзеге асырады.

## **18-бап**

### **Сот шешімін мойындау және/немесе орындау үшін негіздемелер**

1. Уағдаласушы Тараптың сұрау салынатын соты өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес сот шешімін мойындайды және орындайды.

2. Уағдаласушы Тараптың сұрау салынатын соты сот шешімінің осы Шарттың талаптарына сәйкестігін қарайды.

3. Уағдаласушы Тараптың сұрау салынатын соты осы Шартқа сәйкес сот шешімін мойындауға немесе/және орындауға қатысты рәсімдерге қатысты қосымша ақпарат сұрата алады.

## **19-бап**

### **Сот шешімін мойындаудан және орындаудан бас тарту**

Егер сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес бұл сот шешімін мойындауға және орындауға болмайтын болса, сот шешімін мойындаудан және орындаудан бас тартылуы мүмкін.

## **20-бап**

### **Сот шешімін мойындауға және/немесе орындауға қатысты рәсімдер**

Сот шешімін мойындауға және/немесе орындауға қатысты рәсімдер сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес қолданылуға тиіс.



## 21-бап

### Құзыретті сот

1. Сот шешімін мойындаған және/немесе орындаған кезде сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың құзыретті сот органы істі мәні бойынша қайта қарамайды және сот шешімінің осы Шартта көзделген талаптарға сәйкестігіне көз жеткізуге және мұның нәтижелерін өз шешімінде көрсетуге тиіс.

2. Егер бұл ұлттық заңнамада көзделмесе, сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың құзыретті сот органы сот шешімін орындаған кезде жұртшылықтың қол жеткізуі үшін сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың аумағында қарау кезінде орын алатындай қажетті шараларды қабылдайды.

3. Сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың құзыретті сот органы сот шешімін орындауды толығымен немесе егер сот шешімін орындау ішінара жүзеге асыру мүмкін болса ішінара қамтамасыз ете алады.

## 22-бап

### Сот шешімін мойындау және/немесе орындау үшін ұсынылатын құжаттар тізімі

Сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың орталық органы арқылы сот шешімін мойындау немесе орындау туралы сұрау жіберетін сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың орталық органы:

- 1) тиісті нысандағы сот шешімінің ресми көшірмесін;
- 2) егер бұл сот шешімінің өзінде көрсетілмесе, сот шешімінің түпкілікті және орындауға жататыны туралы анықтаманы;
- 3) сот шешімі сырттай қабылданған жағдайда - жауапкердің тиісті түрде хабардар өтілгенін куәландыратын шақыру қағазының немесе өзге де құжаттардың куәландырылған көшірмесін;
- 4) егер ішінара орындауға жол берілсе, сот шешімінің ішінара орындалғанын растайтын құжатты ұсынуға тиіс.

## 23-бап

### Талаптарды реттеу (бітімгершілік келісім)

1. Қол жеткізілген және Уағдаласушы Тараптардың кез келгенінің ұлттық заңнамасына сәйкес олардың талаптарды қарауға уәкілеттік берілген құзыретті соты мақұлдаған талаптарды реттеу (бітімгершілік келісім) ол жасалған мемлекетте атқаруға болатын нәрселер орындалғаннан кейін ол екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында мойындалады және орындалады әрі сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың ұлттық заңнамасына қайшы келмейді.

## **24-бап**

### **Төрелік шешімдер**

1. Осы Шарттың 20 және 23-баптарының ережелеріне нұқсан келтірмей:

1) төрешілердің шешімі құқықтық қатынастардан туындаған кез келген дауды шешуді өздеріне алуды мақсат еткен сот талқылауы тараптарының жазбаша келісіміне негізделген;

2) төрелік шешім сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың сот шешімін мойындау және орындау үшін сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың заңнамасына сәйкес төрелік талқылаудың нысанасы болуы мүмкін мәселеге қатысты шығарылған болса Уағдаласушы Тараптардың бірінің аумағында шығарылған төрелік шешімдерді екінші Уағдаласушы Тарап мойындайды және орындайды.

2. Төрелік шешімді мойындауды немесе орындауды сұрау салушы Уағдаласушы Тарап төрелік шешімнің көшірмесін және төрелік шешімді орындауға болатынын растайтын сот анықтамасын ұсынады.

3. Төрешілерге даулы мәселені шешуге уәкілеттік беретін дауласушы тараптар арасындағы келісімнің куәландырылған көшірмесі де ұсынылады.

## **25-бап**

### **Толықтырулар және түзетулер**

Уағдаласушы Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Шартқа тиісті хаттамамен ресімделетін, осы Шарттың 27-бабының 1-тармағында көзделген тәртіппен күшіне енетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

## **26-бап**

### **Консультациялар**

Уағдаласушы Тараптардың кез келгенінің сұрау салуы бойынша олар осы Шартты түсіндіру мен қолдануға қатысты консультация жүргізеді.

## **27-бап**

### **Ратификациялау және қолданылуын тоқтату**

1. Осы Шарт ратификациялауға жатады және ратификациялау грамоталарымен алмасқан күні күшіне енеді.

2. Осы Шарт белгіленбеген мерзімге жасалады және Уағдаласушы Тараптардың бірі

дипломатиялық арналар арқылы екінші Уағдаласушы Тараптың оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламасын алған күнінен бастап алты ай өткенге дейін күшінде болады.

\_\_\_\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ қаласында әрқайсысы орыс, хинди және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды, барлық мәтіндер дәлме-дәл. Алшақтықтар болған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтін басымдыққа ие болады.

*Қазақстан Республикасы үшін                      Үндістан Республикасы үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК